

Қазығұрт ауданының базарларында және дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметінің жекеленген түрлеріне біржолғы талондар құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2009 жылғы 3 сәуірдегі N 18/138-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 мамырда N 14-6-73 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 12/89-V Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012.12.20 № 12/89-V Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабына сәйкес Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қазығұрт ауданының базарларында базар аумағындағы дүңгіршектерге, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2010.03.18 N 31/233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

2. Дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметінің жекеленген түрлеріне жеке тұлғалар үшін (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда) біржолғы талондардың құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2010.03.18 N 31/233-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы *М. Есіркепов*

Аудандық мәслихат хатшысы *А. Омаров*

Қазығұрт аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 03 сәуірдегі N 18/138-IV
шешіміне N 1 қосымша

к/с	Базар аумағындағы кәсіпкерлік қызметтерінің түрлері	Әр сатушының сауда орны	Біржолғы талонның бір күнгі құны (теңге)
1	2	3	4
1	Ұн сату	2 шаршы метр	200
2	Кондитерлік өнімдер тауарлары	1 шаршы метр	120
3	Ет өнімдері	1 шаршы метр	200
4	Көкөніс, жеміс-жидектер	1 шаршы метр	120
5	Нан өнімдері	1 шаршы метр	100
6	Киімдер, мата, бас киімдер, аяқ киімдер	2 шаршы метр	150
7	Кеңсе тауарлары және парфюмерия тауарлары	1 шаршы метр	150
8	Мото-вело бөлшектерін сату	1 шаршы метр	150
9	Гүлдер	1 шаршы метр	200
10	Аяқ-киім жөндеу және басқада тұрмыстық қызметтер	1 шаршы метр	100
11	Ірі қара мал, жылқылар	1 бас	150
12	Қой және ешкі	1 бас	100
13	Құстар мен аңдар	1 шаршы метр	80
14	Сүт өнімдерін сату	1 шаршы метр	100
15	Жем шөп	2 шаршы метр	200
16	Құрылыс материалдары	2 шаршы метр	200
17	Ұсақ-түйек тауарлар	1 шаршы метр	100

Қазығұрт аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 03 сәуірдегі N 18/138-IV
шешіміне N 2 қосымша

N	Дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметтерінің түрлері	Біржолғы талонның бір күнгі құны (теңге)
1	2	3
Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы)		
1	Газеттер мен журналдар	100
2	Өсімдік тұқымдары және егілетін көшеттер	100
3	Бау-бақша дақылдары	200
4	Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	200
5	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері	200
6	Жануарлар мен құстардың жемдері	300
7	Сыпыртқылар, сыпырғылар	55
8	Орман жидектері	76
9	Бал	212

10	Саңырауқұлақ	109
11	Балық өнімдері	158
12	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	300
13	Үй жануарлары мен құстарды бағу қызметі	45

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК